

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Ас үй заттар: Қасық

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- қасық, қасық түрлері туралы білімдерін еске түсіреді;
- үш тілде айтады, қайталайды дыбыстың талдау жасайды;
- суретке қандай қасық бейнеленгендігін тұжырымды;
- қасықта бейнеленген ою түрін кеседегімен салыстырып, нақтылайды;
- қасық неше түспен боялғанын анықтап керек қарындашты түгендеп тапсырманы орындайды;
- салыстырады, бағалайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*бейнелеу*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)
денсаулық (*қауіпсіздік*)

Білім алушы игеретін білік-дағды:

- қасық, оның түрлерін еске түсіреді, жаттай алады;
- үш тілде қайталайды, жаттайды, дыбыстың талдау жасалады;
- суреттегі қасықтың қандай қасық екендігін анықтай алады;
- ою түрін алдындағы пайдаланылған оюлармен салыстырып, ой қорыта алады;
- тапсырма орындауға керекті қарындашты таңдау дағдысын меңгереді;
- тапсырманы бағалау дағдысы қолданылады.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)
Суретте қандай қасық бейнеленген?



Балалар әңгімелейді. (коммуникациялық дағды қалыптасады)

**АС ҮЙ ЗАТТАРЫ – ҚАСЫҚ
(кітапшамен жұмыс)**

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған ас үй заттарының атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (танымдық дағды).




Өздік жұмыс


3. Бұндай қасықты не үшін пайдаланамыз. Неге. Түсіндір.
4. Шәйнектегі ою, кеседегі ою, қасықтағы ою, салыстыр. Ерекшелігін тап.



5. Бейнеленген қарындаштармен бояулы қасық бөліктерімен сызық арқылы қос. Толық жетті ме? Тұжырым жаса.



6. Салыстыру. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.